

Құрметті оқушылар бүгінгі тәрбие сағатының тақырыбы: « Табиғатым- тал бесігім». Адам мен табиғат егіз. Табиғатты асыраушың, қамқоршың десең де болады. Ата-бабаңның « Жер- қазына, су- алтын, мол байлық» деп өсиет айтып келгені тегіннен тегін емес. Күнделікті ішіп жүрген тамағымыз, үстіміздегі киіміміз, оқитын кітабымыз, жазатын қағазымыз, мінер көлігіміз, ауырғанда пайдаланатын дәріміз, тыныс алар ауамыз, ішер суымыз – осылардың бәрі жомарт табиғаттың берген сыйы. Оқушыларға адам мен табиғаттың егіз екенін ұғындыру. Табиғат қазына байлық екенін түсіндіру. Жерді, құрметтеуді, табиғатты қорғауды үйрету.



